

**Қазақстан Республикасы Ішкі Істер министрлігі
Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

**Жоғары оқу орынынан кейінгі білім беру институты
Жалпы білім беретін пәндер кафедрасы**

**Бекітемін
Академия бастығының
оқу ісі жөніндегі орынбасары
з.ғ.д., профессор
полиция полковнигі
_____З.С. Токубаев
« ____ » _____ 2016 ж.**

Пән бойынша жұмыстық оқу бағдарламасы (SYLLABUS)

IFN 5201 «Ғылымның тарихы мен философиясы»

мамандығы 6M030300-«Құқық қорғау қызметі»

оқыту нысаны: күндізгі
курс: 1
семестр: 1
кредит саны: 2
дәріс: 10 с.
семинар: 20 с.
тәжірибелік сабақтар: -
МОӨЖ: 15 с.
МӨЖ:45 с.
Курстық жұмыс: -
Емтихан: 1 семестр

Қарағанды 2016

**«Ғылымның тарихы мен философиясы» пәні бойынша 6M030300-
«Құқық қорғау қызметі» мамандыққа арналған жұмыстық оқу
бағдарламасы (SYLLABUS), 58 б.**

Құрастырған: философия ғылымдарының кандидаты, жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы Шуматов Эльдар Ғалымжанұлы.

Жалпы білім беретін пәндер кафедрасының отырысында қарастырылды
«24» __05__ 2016 ж., № 19 хаттама.

Жалпы білім беретін пәндер
кафедрасының бастығы
полиция полковнигі

Х.К. Уразбаев

Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ОӘК отырысында
бекітілді

«__» __06__ 2016 ж., №__ хаттама.

3.1 Негізгі ақпарат:

1. Шифр және мамандық атауы	6M030300-«Құқық қорғау қызметі»
2. Курс, семестр	1 курс, 1 семестр
3. Пән циклы	жбп
4. Кредит саны	2
5. Сабақ өткізу орны	кесте бойынша
6. Дәріскер (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Шуматов Эльдар Ғалымжанұлы, жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы, филос.ғ.к., тел. 30-33-82, вн. 3-01, Eldar83.83@mail.ru
7. Қалған сабақ түрлерін жүргізетін оқытушылар (Т.А.Ә., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты)	Шуматов Эльдар Ғалымжанұлы, жалпы білім беретін пәндер кафедрасының оқытушысы, филос.ғ.к., тел. 30-33-82, вн. 3-01, Eldar83.83@mail.ru

3.2 Пререквизиттер: Философия, мәдениеттану, мамандану пәндері.

3.3 Постреквизиттер: Әлеуметтік танымның әдіснамасы, Құқық философиясы, Білім философиясы, Эпистемология.

3.4 Пәнді қысқаша сипаттау:

Курстың мақсаты: ғылымның тарихын оқып-үйрену негізінде ғылыми ойлаудың стилін жасау.

Мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін курстық міндеттері:

1. Курстық теориялық негіздеріне оқып-үйрену.
2. Ғылымның отандық, шетелдік методологтарының классикалық еңбектері мен әдебиеттерімен жұмыс істеуге үйрету.
3. Магистранттарды өз бетінше жұмыс істеуге, сыни баға бере білуге үйрету, өз ойын айқын да ашық айта білуге үйрету.

Курстық оқу барысында магистрант мына төмендегілерді білуге және істей білулері керек:

- негізгі эпистемологиялық модельдерді, рациональдық ұғымының сипатын; танымның ғылымға дейінгі, ғылыми және ғылымнан тыс түрлері мен әдістерін; әлеуметтік-гуманитарлық білімнің қазіргі кезеңдегі ыңғайларын; ғылыми-зерттеу жұмыстары барысында пайда болатын және терең, кәсіби білімді қажет ететін мәселелерді шеше білулері керек; қажетті зерттеу әдістеріне таңдай білулері қажет; әлеуметтік-гуманитарлық және жантану білімдерінің методологиясының негізінде қазіргі кезеңдегі теория мен практиканың шындықтарын түсінік, талдай білулері керек;

Мынадай дағдыларды қалыптастырулары керек:

- өзбетінше ғылыми-зерттеу және ғылыми-педагогикалық жұмыстарды жүргізе білулері; бұл бағытта өте терең білімдері болуы; ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуде, педогогикалық және тәрбие жұмыстарын жүргізуде, ғылыми мақалалар мен тезистер жазу барысында, конференцияларда, симпозиумдарда, дөңгелек столдарда, пікір-таластарда, сұхбаттар жүргізуде методологиялық білімдерін қолдана білулері тиіс.

3.5. Пән бойынша тапсырмаларды орындау және тапсыру кестесі:

№	Жұмыс түрлері	Мазмұны және мақсаты	Ұсынылған әдебиеттер тізіміне сілтеме	Орындау мерзімі	Бақылау түрі	Есеп беру нысаны	Тапсыру мерзімі
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Семинар сабағында ауызша жауап беру және баяндама жасау	Семинар сабақтарының жоспарына сәйкес	Семинар сабақтарына дайындалу үшін ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Курсты оқу барысындағы сабақ кестесі мен және оқу жоспарымен сәйкесі	Күнділікті тексеру, семинар сабақтарындағы жұмыстар мен ауызша жауаптары 100 % дейін бағаланады	Ағымдық бақылау (семинар сабақтарындағы жұмыстар мен ауызша жауаптары бағаланады)	Семинар сабақтары мен МОӨЖ сабақтарының сабақ кестесі және оқу жоспарына сәйкес
2	МОӨЖ сабағында ауызша жауап беру және баяндама жасау	МОӨЖ сабақтарының жоспарына сәйкес	МОӨЖ сабақтарына дайындалу үшін ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Курсты оқу барысындағы сабақ кестесі мен және оқу жоспарымен сәйкесі	Күнділікті тексеру, семинар ж/е МОӨЖ сабақтарындағы жұмыстар мен ауызша жауаптары 100 % дейін бағаланады	Ағымдық бақылау (семинар және МОӨЖ сабақтарындағы жұмыстар мен ауызша жауаптары бағаланады)	Семинар сабақтары мен МОӨЖ сабақтарының сабақ кестесі және оқу жоспарына сәйкес
3	Межелік бақылауға дайындық	сабақтарының жоспарына сәйкес	сабақтарға дайындалу үшін ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Курсты оқу барысындағы сабақ кестесі мен және оқу жоспарымен сәйкесі	Тестілеу немесе Коллоквиум (100% дейін)	Межелік бақылау	семестрдің 7 және 14 аптасы
4	Реферат, эссе жазу, слайд-проект дайындау	МӨЖ сабақтарының жоспарына сәйкес	МӨЖ сабақтарына дайындалу үшін ұсынылған әдебиеттерді қолдану	Курсты оқу барысындағы сабақ кестесі мен және оқу жоспарымен сәйкесі	Тестілеу немесе Реферат қорғау (100% дейін)	Үй жұмысы/ МӨЖ тексеру	Семинар сабақтары мен МОӨЖ сабақтарының сабақ кестесі және оқу жоспарына сәйкес
5	Емтиханға дайындық	Магистранттардың пән бойынша қортынды білімдерін тексеру	Негізгі және қосымша әдебиеттердің тізімімен сәйкестігі	Барлық оқу процесі аралығындағы дайындық	Қорытынды бақылау	Қорытынды	Курс аяқталғаннан кейін емтихан кестесімен сәйкестігі

3.6. Курс саясаты

Оқу процесінде магистранттарға қойылатын негізгі талаптар оқу курсының мақсаттары мен міндеттерінен шығады. Оқу уақытында белсенділік көрсету үшін магистрант осы пәнді меңгеруге және топтың үлгеріміне ықпал етуі керек; бірігіп оқудың субъектісі, белсенділік пен жауапкершіліктің иесі болуға тиіс.

- Барлық тапсырмалар уақытында орындалуы керек;
- Сабаққа магистранттар дайындалып келуге тиісті;
- Қойылған сұрақтарға, проблемаларға шығармашылық тұрғысынан жауап беруге тырысуы керек;
- Магистрант дәрістік және семинарлық сабақтарға міндетті түрде қатысуы керек;
- Міндетті түрде қатысатын сабақтары магистранттардың рейтингісіне әсер етеді;
- Сабаққа кешігуге болмайды;
- Сабақ кезінде бос әңгіме, газет-журнал болмауы керек;
- ұялы телефонды тоқтату қажет; сағыз шайнау секілді өрескел әдеттерден құтылу қажет;
- Сабаққа себепсіз келмей қалуды тоқтату керек;
- Сабақ барсысында шығармашылық белсенділік көрсетуге тырысу керек;
- Үй жұмысын ұқыпты орындаған жөн.

3.7. Ұсынылған әдебиеттер тізімі

№ № р/н	Автор, атауы	Жылы, басылым орны
1. Нормативтік құқықтық актілер		
1	Қазақстан Республикасының Конституциясы	Алматы, 2008.
2. Негізгі әдебиеттер		
2	Артемьев А.И. Философия и методология науки: учебное пособие.	Алматы: Издательство «Бастау», 2010.
3	Бессонов Б.Н. Философия и методология науки: учебное пособие.	Москва: Изд-во Юрайт; ИД Юрайт, 2010.
4	Бурова Е.Е., Карабаева А.Г., Кириллова Г.Р. Введение в философию и методологию науки: учебное пособие.	Алматы, 2013.
5	Косиченко А.Г. Философия и методология науки: учебное пособие.	Алматы, 2007.
6	Методы научного познания.	Алматы: ғылым, 2006.
7	Кохановский В.П. Философия и методология науки.	Ростов-на-Дону, 2009.
8	Философия и методология науки. Для аспирантов и магистрантов / под ред. К.Х. Рахматуллина и др.	Алматы, 1999.
3. Қосымша әдебиеттер		
9	Радугин А.А., Радугина О.А. Философия науки: учебное пособие.	Москва: Библионика, 2006.
10	Бурова Е.Е. Соизмеримость в социогуманитарной дисциплинарности.	Алматы: Қазақ университеті, 1999.
11	Степин В.С. Теоретическое знание.	Москва, 2000.
12	Койре А. Очерки истории философской мысли. О влиянии философских концепций на развитие научных теорий.	Москва, 1985.
13	Поппер К. Логика и рост научного знания.	Москва: Прогресс, 1983.
14	Кун Т. Структура научных революций.	Москва: Изд. АСТ, 2001.

15	Огурцов А.П. Дисциплинарная структура науки.	Москва: Наука, 1988.
16	Фейерабенд П. Избранные труды по методологии науки.	Москва: Прогресс, 1986.
17	Гадамер Х.-Г. Истина и метод. Основы философской герменевтики.	Москва: Прогресс, 1988.
18	Риккерт Г. Науки о природе и науки о культуре.	Москва: Мыслители XX века, 1998.
19	Нысанбаев А.Н., Косиченко А.Г., Кадыржанов Р.К. Философский анализ науки в контексте социокультурной трансформации общества.	Алматы, 1995.
20	Шуматов Э.Г., Мукуш К.С. Философия и методология науки: учебное пособие.	Караганда, 2013.
4. Мерзімді баспа әдебиетінің тізімі		
21	Вопросы философии	
22	Философские науки	
23	Личность. Культура. Общество	
24	Адам әлемі – Мир человека	
5. Электранды оқулықтар		
25	Габитов Т.Х. Философия: электронное учебное пособие	
26	Әденов С.Т., Хожамқұл А.Х., Котошева Ф.К., Кудерина А.Н. Философия: электронное учебное пособие	
6. Ғаламтор көзі		
27	www.ihtik.lib.ru	
28	www.librari.ru	
29	www.bibliotek.ru	
30	www.caute.net.ru	

3.8. Пән бойынша сабақ жүргізудің тақырыптық жоспары

№	Тақырып атауы	Барлығы	Дәріс	Семинарлық	Тәжірибелік	МӨЖ	МӨЖ	Бақылау нысаны
1	Ғылыми философиясы мен методологиясы философиялық білімнің саласы ретінде	6	1	1	-	2	2	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
2	Өркениет пен мәдениеттегі ғылым	6	1	1	-	2	2	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
3	Ғылымның пайда болуы. Ғылымның тарихи дамуының негізгі этаптары (кезеңдері)	6	1	1	-	2	2	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
4	Ежелгі Греция ғылымының отаны	6		2	-	2	2	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
5	Жаңаевропалық ғылымның қалыптасуының алғытарихы	6		2	-	2	2	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
6	Ғылыми білімнің құрылымы	6	1	1	-	2	2	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
7	Ғылыми төңкерістер. Ғылыми рациональдылық	6	1	1	-	2	2	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
8	Ғылымның қазіргі кезеңінің ерекшеліктері	6	1	1	-	2	2	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас

9	Ғылым әлеуметтік институт ретінде	6	1	1	-	2	2	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
10	Қазіргі ғылыми білімнің құрылымындағы жаратылыстану ғылымдары	6	1	1	-	2	2	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
11	Информатика пәнаралық ғылым ретінде. Компьютерлік тәңкерістің эпистемологиялық мазмұны	6		2	-	2	2	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
12	Қоғам, мәдениет, тарих және адам туралы ғылымның қалыптасу тарихы	6	1	1	-	2	2	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
13	Педагогика мен білім философиясының философиялық проблемалары	6	1	1	-	2	2	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
14	Қазақстан Республикасындағы білімнің ұлттық моделінің қалыптасуы.	6		2	-	2	2	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
15	Нақты ғылымдардың философиялық проблемалары	6		2	-	2	2	ауызша сұрау, тесттік тапсырмалар, пікірталас
Барлығы		90	10	20	-	30	30	

3.9. САБАҚ ЖОСПАРЫ ДӘРІС САБАҚТАРЫ

Дәріс тақырыбы 1. Ғылыми философиясы мен методологиясы философиялық білімнің саласы ретінде

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Ғылым философиясының пәні.
2. Ғылым мен философияның байланысы.
3. Ғылым философиясының негізгі тақырыптары.

Дәріс тезистері:

Ғылым – (Wissenschaft-нем., episteme-грекше, scientia-латынша) – барлық халықтарда және барлық уақытта болмағын мәдениеттің саласы. Ғылымды тудырған гректер болды. Гректер ғылымды еуропалық халықтарға мәдени өмірдің ерекше идеалы ретінде қалдырған. Ол кезде ғылым рухани өндірістің жеке дара саласы ретінде көрініс тапқан. Еңбек бөлінісі нәтижесінде танымдық әрекет жеке сала ретінде оқшауланып, адамдардың нақты бір бөлігінің қызмет түріне айналды. Бұл сала ішінде білімдер жинақталып, танымның әдістері мен формалары қалыптастырылды. Бұл ғылымның өзі болды. Кеңес дәуірінің философы Э.В.Ильенков мынадай анықтама берген: ғылым ойлау мен белгілі бір жағдайлар барысында ерекше мамандыққа айнарудың өзі болып табылады.

Осылайша «ғылым» түсінігі ғылыми білімді өндіру процесін анықтауда қолданылады. Ғылыми танымның ерекше белгісі оның жүйелілігі болып табылады. Яғни, нақты теориялық принциптер негізінде тәртіпке келтірілген

білім жүйесі. Жүйеге біріктірілмеген бытыраңқы білімдер жинағы әлі жүйе аталуға лайық емес. Нақты мақсатпен фактілерді жинау және олардың сипаттарын ұғымдар жүйесіне дейін, яғни, теория құрамына енгізгенде ғына білім ғылыми білім атаула лайық.

Ғылым – мәдениеттің маңызды саласы, адамзат білімінің жоғарғы формасы, тиесілі таным әдістері арқылы іске асатын, нақты ұғымдар арқылы анықталатын, ол ұғымдардың шынайылығы тәжірибемен дәлелденетін дамушы білімдердің жүйесі. Таптық қоғамда пайда болған ғылым өзінің құрылымы мен қоғамдағы функциясы жағынан, сондай-ақ танымдық мәдениет түрі жағынан әр түрлі формаларды қабылдай отырып дамиды. Тезис: әлеуметтілік типі концептуалдылық типін анықтайды.

Ғылым өзінің саналуан қырларына байланысты: туралы ерекші білім формасы; 2) әрекет; 3) әлеуметтік институт; 4) рационалдылық түрі; 5) қоғамдық сана формасы (сферасы); 6) өндірістік ресурс (ғылым өндіріс күші ретінде); 7) коммуникацияның ерекше түрі; 8) мәдениет факторы бола алады. Осыдан келіп ғылымды келесі контекст тұрғысынан зерттеу мүмкіндігі туады: тарихи, әрекетшіл, әлеуметтілік, логикалық, гносеологиялық, эпистемологиялық, психологиялық және т.б. Осылайша ғылым әр түрлі пәндердің зерттеу объектісі бола алады. Зерттеулердің ғылым философиясы, ғылымтану, ғылым тарихы, ғылым әлеуметтануы, ғылым этикасы, ғылым психологиясы, ғылым логикасы сияқты пәндері бөлінеді. Жетілдірілген сала ретінде ғылым тарихын ажыратуға болады. Бұл салада ғылым өзінің жалпы (жаратылыстану, техникалық, әлеуметтанулық-гуманитарлық ғылымдар, нақты ғылымдар: мысалы, математика немесе физика тарихы) параметрлері негізінде зерттеледі.

Ғылым әлеуметтануы ғылымның әлеуметтік институт ретінде қоғам құрылымымен өзара қатынасын, ғалымдардың әр түрлі жүйелердегі мінез-құлық типологиясын, олардың кәсіби ғалымдар қауымдастығындағы формальді және бейформальді қарым-қатынастарын, ғалымдардың топтық өзара әрекеттерін, сондай-ақ әр түрлі қоғамдардағы ғылым дамуының нақты әлеуметтік-мәдени шарттарын зерттейді. 20 ғасырдың 2-нші жартысында ғылымды әлеуметтік тұрғыдан қарастыру барысында ғылым мен қоғам, топтық ғылыми ықыластың қатынастары, ғылымдардың жеке көзқарастарымен шартталған мәселелер ортаңғы алаңға шықты. Ғылым әлеуметтануында ғылыми зерттеулер технологиясы, кәсіби тәжірибені жетілдіру мен тасымалдауға қатысты сұрақтар ерекше қарастырылады. Қысқаша айтқанда, әлеуметтануды ғылым дамуының сандық және сапалық параметрлері, оның ішінде ғылыми қауымдастық типологиясы, ғылыми коммуникациялар, ұйымдастыру құрылымдары мен қатынастары қызықтырады.

Негізгі әдебиет: 2, 3,4.

Қосымша әдебиет: 11, 15, 20, 21, 27.

Дәріс тақырыбы 2. Өркениет пен мәдениеттегі ғылым

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Мәдениет жүйесіндегі ғылым.
2. Ғылымның қоғамдағы орны мен функциялары.
3. Ғылымның құндылық дәрежесі.

Дәріс тезистері:

Ғылым дегеніміз не? Бұл сұраққа жауап берудің оңай еместігінің дәлелі ретінде оның қашан пайда болғандығы туралы пікірталастың әлі күнге толастамай отырғанын айтуға болады. Ғалымдардың бір тобы ғылым ежелгі дүниенің антикалық кезеңінде, яғни, осыдан 2,5 мың жыл бұрын пайда болды десе, енді бір ғалымдар нағыз ғылым тек Жаңа Дәуір кезеңінде, шамамен XVIII-ғасырда қалыптасты деген пікірді ұстанады. Мұндай пікірталастың себебі ғылымның күрделі және санқырлы құбылыс екендігінде. Ол бір жағынан алғанда білімдердің, теориялық қағидалар мен методтардың жүйесі, сонымен бірге қоғамдық сананың формасы, қоғамды» дамудың рухани жемісі, қоғам дамуын басқару құралы, өндіргіш күш күрделі информациялық жүйе және т.б. Осы әр түрлі салалардың мамандары ғылымға әр түрлі анықтамалар береді және олардың ешқайсысын да теріске шығаруға болмайды. Әртүрлі анықтамаларды қорыта келіп, ғылымның жалпы анықтамасын беретін болсақ, ғылым – табиғат, қоғам және адам туралы білімдер өндіруге бағытталған зерттеу қызметі саласы.

Бұл анықтамадан ғылымның зерттеу пәні туралы түсінік алуға болады. Ғылым ең әуелі адамды қоршаған орта – табиғатты зерттеуге бағытталған қызметтің жемісі ретінде дүниеге келді. Бірте-бірте қоғам туралы ғылыми

түсініктер жинақтау қажеттігі туындады. Бірақ ғылым процесіндегі басты тұлға, ғылымның басты субъектісі де, объектісі де – адамның өзі. Адамның қатысуынсыз ғылымның қалыптасуы мүмкін емес, сонымен бірге, адам өзін түсінуге, өз мүмкіндіктерін анықтауға, табиғат пен қоғамның ғана емес, өз болашағын болжауға көне заманнан бастап осы күнге дейін талпынып келеді және бұл процесс адам жерт бетінде қанша өмір сүрсе, сонша жалғаса бермек.

Ғылымның функциялары. Ғылым күрделі әлеуметтік функциялар атқарады. Бұл функциялар ғылымның өзінің дамуымен бірге үнемі өзгеріп, толықтырылып және ғылымның дамуына өзіндік осерін тигізіп отырады. Қазіргі ғылымның үш әлеуметтік функциясын атап көрсетуге болады:

- 1) мәдени-көзқарастық;
- 2) өндіргіш күштер функциясы;
- 3) әлеуметтік күштер функциясы. Ғылымның генезисі және негізгі даму кезеңдері.

Ғылымның генезисі, қоғамдағы қызметі және дамуының қозғаушы күштері мәселесі бойынша интерналистік, экстерналистік және позитивистік концепциялар бар. Интернализм ғылымның пайда болуы мен дамуына

философиялық ой тікелей әсер етті деп есептейді және қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси құрылымы мен сол қоғамның ғылымының арасында ешқандай байланыс болуы мүмкін емес деген пікірді ұстанып, ғылымның ішкі факторларын абсолютке айналдырады. Экстернализм бұл концепцияға қарсы. Оның өкілдерінің пікірі бойынша, ғылымға сыртқы факторлардың әсері мықты. Позитивизм; ғылым нақты, тәжірибеден өткен, дәлелденген фактілерге сүйене отырып дами алады, абстрактылық ойлау мен метафизикалық түсініктер ғылым үшін пайдасыз. Біздің ойымызша, ғылымның пайда болуына, эволюциясына, қоғамда атқаратын қызметіне жоғарыда аталған факторлардың бәрі де белгілі бір дәрежеде ықпалын тигізеді және ол әр дәуірде әр түрлі болуы мүмкін. Сондықтан оларды бір-біріне қарсы қойып, немесе бір-бірінен бөліп алып, белгілі бір факторларды абсолютке айналдыру дұрыс емес.

Негізгі әдебиет: 7, 8.

Қосымша әдебиет: 19, 20, 23, 24, 29.

Дәріс тақырыбы 3. Ғылымның пайда болуы. Ғылымның тарихи дамуының негізгі этаптары (кезеңдері)

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Ғылымның пайда болуы проблемасы.
2. Ежелгі Греция ғылымының отаны.
3. Жаңаевропалық ғылымның қалыптасуының алғытарихы.

Дәріс тезистері:

Ғылым пайда болуының мәселелері. Білімнің ерекше формасының қалыптасуы мен практикалық және танымдық әрекет тәжірибесінің жалпылануы ретінде ғылымның пайда болуы. Ғылым тарихы мен ғылымның теориялық модельдерінің байланысы. Ғылым және миф. Ғылым және технология. Ежелгі мәдениет аясындағы адамның дүниетанымы мен көзқарас ерекшеліктері мен ғылымға дейінгі білім. Месопотамия, Египет, Қытай және Үнді мәдениеттері: өркениеттік бағдарлар, дамудың технологиялық жоспары, маТақырыптикалық, астрономиялық, медициналық білімнің қолданбалы белгілері мен практикалық мақсаттар. В.С.Степиннің ойынша білім қалыптасуының екі әдісін қарастыруға болады: ғылымның пайда болуына сәйкес келетін және ғылымның өзі олық мағынасында. Әдетте пайда бола бастағана ғылым адам өзінің күнделікті өмірі мен практикалық әрекеті барысында үнемі бетпе-бет байланысқа түсіп отыратын заттар мен олардың өзгерісін зерттейді. Ол өзгерістердің мұндай модельдерін өз әрекеттерінің нәтижелерін болжай білу үшін құрып отырады. Практика барысында қалыптасатын ойлау процесі практикалық әрекеттердің идеалды схемасын ұсынады. Осылайша египеттік қосу таблицалары заттық жиынтықтар арқылы жүзеге асырылатын практикалық қайта құрулардың әдеттегі схемасына

сәйкес келеді. Сондай-ақ жер учаскелерін өлшеуге негізделген геометрияға қатысты алғашқы білімдерде де практикамен тығыз байланыс аңғарылады.

Кәдімгі тәжірибе арқылы заттық қатынастар туралы абстаркция және жүйелеу тәсілімен білімді құру әдісі әлемнің практикалық игерілуінің қалыптасып үлгерген әдістері шеңберінде нәтижелерін болжауды қамтамасыз етті. Ғылымға дейінгі білім сатысында бастапқы идеалды объектілер, сондай-ақ олардың байланысы (сәйкесінше тілдің негізгі терминдерінің мағынасы және оларды қолдану ережелері) тікелей практика барысында пайда болып, кейіннен ғана жасалған білім жүйесінде (тіл) жаңа идеалды объектілер қалыптасқан. Ендігі кезде таным жаңа қадам жасап отыр. Ол реалды практикаға қатысты шартты түрде айтқанда «жоғарыдан түсетін» білім жүйесінің жаңа фундаментін құрап отыр. Кейін ғана идеалды объектілерден жасалған конструкцияларды жанама түрде практиканың өзге заттық байланыстарымен салыстыра отырып тексереді.

Мұндай әдіс барысында бастапқы идеалды объектілер практикадан іздестіріле бермей, бұған дейін қалыптасқан білім жүйесінен (тіл) алынып, жаңа білімді құру жолында құрылыс материалы ретінде пайдаланылады. Бұл объектілер білімнің өзге облысынан алынатын ерекше «қарым-қатынас желісіне» енеді. Онда ол алдын ала шындықтың заттық құрылымдарының схемаға салынған образдары ретінде негізделеді.

Ежелгі Греция білім туған жері ретінде. Грек мәдениеті, философиясы мен пайда болып жатқан ғылымына шығыс мифтері мен ежелгі шығыс өркениетінің әсері. Антикалық логика мен антикалық маТақырыптика: тарихи, мәдени және ғылыми мәні. Теориялық білімнің алғашқы формаларын антикамен байланыстырып қарастырады. Ежелгі Шығыс, Үнді, Қытай біздерді өзінің ғажайып туындыларымен таң қалдырса да, мұндағы білімнің спецификалық белгісі басым келеді. Мысалы, Ежелгі Египет өркениетінде мелекеттік биліктің абыздардың сакральді аппаратымен тығыз байланысты күрделі аппараты пайда болған. Өзінің лауазымына байланысты келетін білім түрлерін, көлемін игерген абыздар болды. Білімдер діни-мистикалық формада сақталды. Ол білімді оқып түсінетін тек қана абыздар еді. Сәйкесінше практикалық білімнің иелері ретінде абыздар адамдарға билік жүргізді. Олар білімдерін маТақырыптика, химия, медицина, фармакология, психология саласында дамытып, жетік түрде гипнозды игерген. Шеберлікпен жасалған мумиялар египеттіктердің медицина, химия, хирургия, физика саласында белгілі бір жетістіктерге жеткеніне күәландырады.

Осылайша кез келге шаруашылық әрекет есептеулермен байланысты болғандықтан, маТақырыптика облысында білімнің көп бөлігі жинақталды: ауданды есептеу, өндірістік өнімді санау, төлем ақы мен салықты есептеу; игіліктерді үйлестіргенде әлеуметтік және кәсіби деңгей ескерілгендіктен, пропорциялар қолданыста болды.

Негізгі әдебиет: 5, 7.

Қосымша әдебиет: 12, 20, 29.

Дәріс тақырыбы 6. Ғылыми білімнің құрылымы

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Ғылыми білім күрделі дамушы жүйе ретінде.
2. Ғылымдағы эмпирикалық және теориялық деңгейлері.
3. Ғылыми пәннің құрылымы.

Дәріс тезистері:

Ғылыми білім дегеніміз не? Оның құрылымы қандай?

Бұл сұраққа жауап бермес бұрын ғылыми білім деген құрылымдық деңгейлерінің көп түрлі бөлімдері бар күрделі жүйе екенін естен шығармаған жөн. Біздің алдымызда тұрған мәселені шешу үшін ғылыми білім құрылымындағы үш деңгейге назар аударып көрейік:

- Кез келген ғылым саласында теориямен сәйкес келетін локальді білім;
- Тұтас ғылыми саланы құрайтын білім;
- Ғылым туралы тұтас көрініс беретін ғылым.

Білімнің локальді облысымен байланысты сұрақтарды қарастырып көрейік.

Бұл жерде кем дегенде екі деңгейді бөліп қарастыру мүмкін екені анық:

Теориялық білім деңгейі және эмпирикалық білім деңгейі.

Нақты мысал – механика негізінде эмпирикалық және теориялық білім деген не екенін түсіндіріп көреміз.

Эмпирия мұнда қатты денелер мен сұйықтардың механикалық ауысуына жасалған бақылаулар мен эксперименттермен байланысты. Аспан денелерінің ауысуын астрономиялық бақылау сондай-ақ бізге эмпирикалық мәліметтердің жиынтығын береді. Бұл механика арқау ететін өте құнды білім болып саналады. Өз заманында Пуанкаре адамдар аспанға қарап отырып, әлемдегі барлығы аспан денелерінің орын ауыстырылуы мен заңдарына бағынатының және бұл деген бізді қоршап отырған шындықтың ең таза көрінісі екеніне көз жетуі астрономияның адамзатқа әкелген ең жоғарғы игілігі болып саналады деген.

Эмпирикалық тәжірибе негізінде қол жеткізілген білім үшін олар эксперимент пен бақылау барысындағы тірі реалдылықпен қатынасының тікелей нәтижесі бола алатыны анық. Бұл деңгейде біз белгілі бір құбылыстар жайында, олардың бізді қызықтыратын сипаттары туралы білім аламыз және эмпирикалық заңдылықтарды орнатамыз.

Эмпирикалық білім үстінен ғылым әрдайым теориялық деңгейді қалыптастырады.

Бұл деңгейді ұсынатын теория түсіндіруге бағытталған анық бағдарымен құралады (теорияның негізгі мақсаты эмпирикалық деңгей мәліметтерінің көп түрлілігін түсіндіру, жүйелеу, сипаттау болып табылады).

Дегенмен теория қоршаған шындықты емес, идеалды объектілерді сипаттау негізінде құрылады.

Мысалы, механика адам шынайы реалдықта қатынас жасайтын нақты процестерді емес, идеалды объектілерге, мысалы, материалды нүктелерге қатысты процестерді түсіндірумен айналысады. Идеалды объектілер реалды объектілермен салыстырғанда шексіз емес, оларды белгілі бір мөлшері мен көлемі болады. Механика жұмыс істейтін материалды нүктелердің сипаты мен қасиеттері көп емес, дәлірек айтқанда, олар кеңістік пен уақтта белгілі бір массамен орын ала алады.

Олай болса, идеалды объект толығымен интеллектуалды бақылана алатындай құралады. Теорияда тек қана идеалды объектілер біріліп қана қоймай, оларды қарым-қатынасына да назар аударылады. Сондай-ақ алғашқы идеалды объектілерінен туынды объектілерді өндіріп шығаруға болады.

Бұл процесс келесі жолмен іске асырылады: алғашқы идеалды объектілерден берілген белгілі бір «нақты құбылыстың» теориялық моделі жасалады. Бұл модель кейбір жақтарынан, белгілі бір жағдайларды шындыққа сәйкес келеді деген болжам жасалады.

Ендігі кезде, білімнің теориялық деңгейі туралы білімімізді нақтылап көрейік. Білімнің бұл деңгейі әдетте екі сатыға бөлініп қарастырылады: фундаментальді теориялар және шындықтың нақты бір бөлігін ғана түсіндіретін теориялар.

Осылай механика материалды нүктелер мен олардың ара-қатынасын сипаттайды. Оның қағидалары негізінде кейін шындықтың кез келген бір бөліктерін түсіндіретін әр түрлі нақты теориялар жасалады.

Мысал үшін аспан денелерінің тәртібін түсіндіру мақсатында аспан механикасы қалыптасады. Мұнда Күн массасы зор центрге дене болып табылып. Планеталар болса, әлемдік тартылыс заңына сәйкес және механика заңдары бойынша Күнді айналып жүретін қозғалушы денелер болып табылады.

Теорияда интеллектуалды бақыланатын объектімен жұмыс істегендіктен, теориялық объектіні мүмкіндігімізше бөлшектеп талдап, теориялық көзқарастардан алшақ келетін бірталай салдарға тап бола аламыз. Біздің бастапқы абстракцияларымыз шындық болғандықтан, олардан шыққан нәтижелерде оң болатынына күмән жоқ. Теорияның күші шындықпен жанаспай-ақ оның өздігінен даму қабілетінің болуында. Әрине, бастапқы принциптер шындықпен сәйкес келуі керек.

Сонымен, ғылыми білім құрамында екі бірінен-бірі бөлек , бірақ тығыз байланысты деңгей бар: эмпирикалық және теориялы.

Бірақ білімнің локальді облысын түсінікті сипаттау үшін бұл екі деңгей жеткіліксіз. Ғылыми білім құрамында көп жағдайда ескерілмей қалатын, бірақ өте маңызды деңгейге назар аудару қажет. Ол деңгей – философиялық алғышарттар деңгейі. Онда шындық туралы жалпы пікірлер болады.

Негізгі әдебиет: 2, 4, 8.

Қосымша әдебиет: 11, 15, 20, 28.

Дәріс тақырыбы 7. Ғылыми төңкерістер. Ғылыми рациональдылық

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Ғылыми төңкерістер ғылымның негізін қайта құру ретінде.
2. Парадигма және ғылыми қауымдастықтың құрылымы.
3. Ғылымның дамуындағы дәстүрлер мен төңкерістер.

Дәріс тезистері:

Адамзат белсенділігі ретінде ғылымның негізгі функциясы – шындық туралы объективті білімді қалыптастыру және теориялық тұрғыда жүйелеу болып табылады. Ғылымға жаңа білімді қабылдауретіндегі белсенділік пен оның нәтижесі енеді (ғылыми бейне негізінде жатқан білім суммасы).

Ғылымның тікелей мақсаты – онда ашылатын заңдар негізінде жатқан пәнді зерттеу арқылы сипаттау, түсіндіру және реалдылықтағы процестер мен құбылыстарды алдын ала болжау деп есептелінеді.

Ғылым жүйесін шартты түрде гуманитарлық, қоғамдық және техникалық деп бөлуге болады. Сәйкесінше ғылымның зерттеу объектілері болып табиғат, адам әрекеттерінің бейматериалды аспектілері, қоғам және қоғам мен адам әрекеттерінің материалды аспектілері бола алады.

Ғылым қарапайым білімнен ерте заманда бөлініп шықты. Ұзақ уақыт бойы бірлі-жарым эмпирикалық фактілерді жинастыру жүргізілді. Әлбетте Ежелгі Египет, Месопотомия, Индияда ғылыми білім қалыптасуының алғаш белгілері байқала бастады. Ежелгі медицина қалыптасты, астрология (көптеген эмпирикалық білімді жинастырғанымен, әлі күнге дейін ресми ғылым деп есептелмейтін білім саласы), маТақырыптика қалыптасты. Ежелгі Греция мен Римде адамдар ғылыммен көберек айналысқан, сол заманға дейін жинастырылған білім негізінде теориялар құрылып жатты. Алайда ежелгі ғылым тәжірибеге сүйенбей, әдіснамаға ие болған жоқ. Нәтижесінде кейбір мәселелер дауға айналды. Көп жағдайда тәжірибені қажет етпейтін, әдіснамалық аппараты формальді логикаға құрылған маТақырыптикада ғана пікірлердің бірлігі мен шешімнің өзгермеуі байқалады.

Орта ғасыр заманында ғылымның дамуына дін зор әсерін тигізіп отырды. Мұны құрылымдық ықпал атауға болады ма? Жоқ деп жауап беруге болады. Шын мәнінде ол заманда жаңа бағыт, жаңа теориялар қалыптасқан жоқ. Тіпті регресс те байқалды. Александрия кітапханасында ғасырлап жиналған білім көздері мен фактілер отқа жағылды. Жаңа фактілер мен білімдер өте баяу қалыптасыты.

Қайта Өрлеу, Жаңа заман кезінде ғылымның мәні жақсы жағынна қарай өзгере бастады. Ғылымның нағыз дамуы сол Жаңа Дәуірде көрініс тапты.

Ғылымның даму қалай іске асады (тұтас ғылым, сондай-ақ жеке салалардың)?

Ғылым феноменіне, оның даму заңдылықтарына деген қызығушылық ғылымның өзі сияқты ерте заманда пайда болды. Көне заманнан бері ғылымды теориялық және эмпирикалық тұрғыда зерттеп келеді.

20 ғасырдың соңына қарай ғылым дамуының философиялық теориясы белгілі бір мөлшерде аяқталған болып есептелді. Т.Кун, К.Поппер, И. Локатос, Ст.Тулмин, П.Фейерабенд және М.Полани концепциялары әлемдік философиялық ой мұрасында маңызды орынға ие. Дегенмен өзінің көпқырлылығына қатысты ғылым философиясының сұрақтары философтар мен түрлі саладағы мамандардың назарын өзіне тартады.

Мұнда ғылым дамуындағы ғылыми революциялар феноменін, оның себептері, механизм және салдары туралы мәселелерді талдау қарастырылған.

Ғылым дамуының тарихына үнілетін болсақ, тарих біркелкі бола алмайтынына көз жеткіземіз. Ғылымның немесе ғылыми бағыттың қалыпты дамуы күндердің күнінде аяқталады. Бір заманда дұрыс деп саналған теориялар жинастырылған жаңа фактілермен фальсификацияланады. Жаңа теориялар пайда болып, сол кездегі барлық фактілерді түсіндіріп береді. Мысал ретінде мұнда атом құрылысы теориясын келтіруге болады. 19 ғасырдың ортасына дейін үстемдік еткен теория бойынша атом бөлінбейтін бөлшек деп саналды. Сол ғасырдың 80-нші жылдары орыс физигі Столетов фотоэффект құбылысын ашады. Бұл құбылыс нәтижесінде металл қабатша оң зарядталып, электрондарынан айырылады. Бөлінбейтін атомдар туралы теория мұны түсіндіре алмады. Атомдар бөлінеді, және негізінде оң зарядталған электрондардан құралады деген қорытынды шығады. Сәйкесінше атомның құрылысы туралы сұрақтар да туындады. Дж.Томпсон электрондар оң зарядталып біркелкі үйлестірілген атом құрамының дұрыс моделін ұсынады. Жаңа фактілердің пайда болуы (Резерфорд тәжірибесі) Томпсон теориясын фальсификациялады. Планетарлы модель қалыптасып, уақыт өте келе оны Бор теориясы алмастырды. Атом құрылысын тану процесі жалғасып жатыр және әлі де болса жалсасын тауып отырады. Өткен және жаңа туған теориялар арасында әдетте қалыпты кезеңдер аңғарылады. Белгілі бір мөлшерде фактілердің жинастырылуы негізінде теориялар өмір сүруін тоқтатады. Қалыпты жағдай кезінде туған теориялар әдетте үстем етуші теорияны толықтырады немесе оған қайшы келмей қояды.

Осылайша ғылым дамуында екі фазаны ажыратуға болады: қалыпты даму фазасы және ғылыми революция фазасы.

Негізгі әдебиет: 7, 8.

Қосымша әдебиет: 19, 20, 23, 24, 29.

Дәріс тақырыбы 8. Ғылымның қазіргі кезеңінің ерекшеліктері

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Постклассикалық емес ғылымның сипаттамасы.
2. Пәнаралылық және синергетика принциптері.
3. Ғылымның жаһандық контексті. Ғылыми ақпараттың өсуі және ғылым әлемінің өзгеруі.

Дәріс тезистері:

Қазіргі кездегі ғылым батысеуропалық өркениеттің туындысы ретінде. Пәндік ұйымдастырылған ғылымның пайда болуы. Ғылыми пән де ғылыми білімді жүйелеудің белгілі бір формасы ретінде түсінуді ұйғарады. Ол жүйелеу оның институтализациясымен, ғылыми зерттеудің жалпы нормалары мен идеалдарын ұғыну, ғылыми қауымдастықтың ұйымдасуы, ғылыми әдебиеттің сциентистік сипатымен, ғалымдар арасындағы коммуникацияның белгілі бір формаларымен, білім беру мен кадрлар дайындауға жауапты болатын қызметі жағынан автономды ұйымдарды құрумен байланысты. Пәндік ұйымдастырылған ғылым қол жеткен нәтижелерді әлеуметтендіруді қамтамасыз ететінарна болып табылады. Ол алынған нәтижелерді білім беру жүйесіндегі білімнің тасымалдануын, оқулықтар жазылатыналуын мәдени және ғылыми үлгілерге айналуын жүзеге асырады. Техникалық ғылымдардың қалыптасуы. Әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың қалыптасуы. Әлеуметтік және тарихи білім.

Ғылыми әрекеттің ерекше мамандыққа айналуы. Қазіргі заманғы ғылым ерекшеліктері және ғылым әлемінің өзгеруі. Ғылым бірлігі мен оның жеке салаларының байланысы. Қазіргі заманғы ғылымның жалпы белгілері: мазмұнның кеңеюі, нақты әдістер мен нақты теориялардың жаңа сатысы, адамзат әрекеттерінің өзге түрлеріне деген қатынастың жаңа қырлары, техникаға деген қатынастың өзгеруі, білім берудің жаңа модельдері. Ғылыми білімді жүйелеудің әр түрлі тәсілдерінің ішінде ғылымның пәндік ұйымдасуы ерекше орын алады. Мәдениет дамуының әр түрлі кезеңдерінде ол әр түрлі негіздеулерге ие болды: онтологиялық, гносеологиялық, әдіснамалық және ұйымдасушылық. Соңғысы кезінде ғылыми пәннің дамуы әлеуметтік-ұйымдасушылық құрылымдармен (институт, университет, факультет, т.б.) байланыста қарастырылды.

Ғылымның пәндік құрылымы деп отырғанымыз сонау ежелгі римдік мәдениетте қадыптаса бастады. Бұл кезеңнің пайда болу мақсаты – күнделікті тұрмыстық мақсаттар. Білім «ұстаз-шәкірт» тұрғысынан қарастырыла бастап, теория ретінде емес, пән ретінде түсініледі. Барлық жинастырылған білім оны келер ұрпаққа тасымалдау тұрғысынан қарастырған жағдайда ғана пәндік ұйымдастырылған білім аталуға лайық. Білім алып жатқан адам үшін білім пән болып табылса, білімді үйретуші үшін – ол доктрина болып табылмақ. Сондықтан білім беруді жүзеге асыратын адамдар тұрғысынан барлық бар білім доктриналардың жиынтығы деп ұйғарылады.

Ғылымның пәндік ұйымдасуына келесілер тән: білімді объективті ойлау құрылымы ретінде түсіну, білім беруде барлық білімді біріңғай бөліп, тәртіпке келтіруге ұмтылу, оны әр түрлі компендиумдар, оқулықтар, энциклопедияларда баяндауға талпыныс жасау. Еуропалық мәдениетке барлығын ұйымдастыру, жүйелеу, тәртіпке келтіру тән сипат. Ол үшін дисциплина басты құндылық пен норма, осыған сәйкес білім құрылымын да пәндік субординация тұрғысынан анықтау болып табылады. Бұдан келіп кез

келген білім пән ретінде талқыланып, оны ажыратқанда ғылыми және оқу пәні деп қарастырған жөн.

Адамзат тарихындағы ғылым мен технологиялық революциялар. Технология даму тұрғысынан қоғам ұйымдасуының әлеуметтік типологиясы және өндірісті фундаментальді ғылымдардың нәтижесі ретінде бағамдау.

Ғылым дамуының негізгі кезеңдері: классика, бейклассика, жаңа классика.

Жаратылыстану, техникалық ғылымдар, әлеуметтік-гуманитарлық пәндер: пәндік қалыптасу, салыстырмалы анализ.

Негізгі әдебиет: 3, 5, 9.

Қосымша әдебиет: 24, 27, 30.

Дәріс тақырыбы 9. Ғылым әлеуметтік институт ретінде

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Ғылым әлеуметтік институт ретінде.
2. Ғылым және экономика.
3. Ғылым және нарықтық қатынастар.

Дәріс тезистері:

Ғылымның өзі әлеуметтік құбылыс болып табылады. Ол екі мың жылдан астам ғалымдар қауымдастығымен қаланып келеді. Онда ғалымның ізденетін мәселеге қатысты қатынасымен қоса, сол қауымдастық мүшелерінің өзара қарым-қатынас жүйесінде анықталады.

Ғалымдардың әлеуметтік ұйымдасу тәсілдері мен өзара қарым-қатынастары ғылым тарихы барысында ғылымның даму ерекшеліктерімен, оның қоғамдағы статусымен, қоғамның өзіне тән даму бағытымен сәйкес өзгеріп отырды. Әлеуметтік институт ретінде ғылым өзінің дамуы барысында көптеген өзгерістерді басынан кешті. Ол өзгерісті философиялық мектептерде бастарын қосқан ежелгі грек гректердің өз еріктерімен зерттеулермен айналысуынан қазіргі заманғы бесмиллиондық халықаралық қауымдастыққа ұйымдасуынан аңғаруға болады. Қазіргі заманғы халықаралық ғылыми қауымдастық кәсіби ұйымдасқан, өз әрекеттерін ұлттық, сондай-ақ халықаралық деңгейде зерттеу топтарында, лаборатория, институттарда іске асырады. Бүгінгі таңда ғылым деп алап базасы бар білім өндіретін, дамыған коммуникация жүйесі бар күшті саланы айтуға болады.

Бүгінгі күні ғылыми әрекеттілік дегеніміз – шығармашылық коллективтердің бірлескен жұмысы. Бұл ғылымның жеке салаларындағы және ғылымның жеке мәселелері бойынша мамандандыру ғана емес, ғылыми әрекетте әр түрлі функциялардың үйлестірілуі.

Қазіргі заманғы ғылымның қоғамның тікелей өндіруші күшіне айналуы ғылымның өзі әлеуметтік институт ретіндегі сапалық өзгерістерге

ұшырауымен байланысты. Университеттік классикалық ғылымның орнына «үлкен ғылымның» күшті тармақталған әлеуметтік организмі келді.

Ғылымды әлеуметтік институт ретіндегі зерттеулер 20 ғасырдың ортасына қарай ғылым тарихында екі әдіснамалық бағытты қалыптастырды.

Бірінші бағытқа Р.Мертон, А.Кромби, Э.Цильзель, Дж.Нидман және т.б. жатады. Бұл бағытта жұмыс істеген ғалымдардың ізденістерін жалпы түрде экстерналисттік бағытқа жатқызады. Бұл ойшылдардың басты мақсаты қоғам өміріндегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістер мен ғылым дамуы арасындағы байланыстарды табу болып табылады.

Екінші бағытқа А.Койре, Р.Холл, Дж.Агасси жатады. Бұл ғалымдардың ойынша ғылым дамуына сыртқы факторлар әсер етпейді. Ғылым өзінің ішкі эволюциясы барысында дамиды. Оған ғылыми ойлау дәстүрінің әсері себеп болады. Бұл бағыт интерналисттік деп аталады.

Негізгі әдебиет: 7, 8.

Қосымша әдебиет: 19, 20, 23, 24, 29.

Дәріс тақырыбы 10. Қазіргі ғылыми білімнің құрылымындағы жаратылыстану ғылымдары

Дәріс 1 сағат

Дәріс жоспары (1 сағат)

1. Жаратылыстану ғылымы және мәдениет. Жаратылыстану және дүниенің ғылыми бейнесі (картинасы).
2. Жаратылыстану ғылымдарының жіктелуі.
3. Техника ғылымдарының өзіне тән ерекшелігі және оның жаратылыстану, қоғамдық ғылымдар мен маТақырыптикамен арақатынасы.

Дәріс тезистері:

Редукционизмге негізделген білім құрылымы туралы көзқарастарымыздың өміршендігінің болмауын дәлелдейтін келесі мысалды қарастырып көрейік.

Жалпы алғанда кез келген ғылымдағыдай ғылыми теорияның басты мақсаты – объективті шындықты бейнелеу болып табылады. Бірақ ғылым – адам ойлап тапқан құндылық. Ол әрекетшіл сананың туындысы болып табылады.

Ғылым шындықты бейнелеп қана қоймай, ол бейнелерді адам баласы қолдану үшін өмір сүреді.

Ғылымның қалыптасу үрдісіне ол тіршілік ететін орта да әсер етпей қоймайды. Ғылыми ойлау мәдениеті тек қана әлеуметтік емес, сондай-ақ ғылымның, барлық адамзат тәжірибесін жалпылайтын философиялық көзқарастардан құралады.

Біз ғылымның әр түрлі салалары туралы айтқан кезде әр түрлі ғылымдар қоғамда түрлі функцияларды атқаратындығын естен шығармағанымыз жөн. Тарих пен физиканың мәдени функциялары біріне-бірі тең деп айта аламыз ба?

Әрине, тарих та, физика да бізге реалдылық туралы ақпаратты бере алады. Бірақ тарих физикаға негізделсе, физикаға сәйкес теорияларды ұсынса? Онда тарихтың бірнеше маңызды функциялары элимитацияланушы еді.

